

Ақтөбе қаласының № 34 орта мектебі

13.04.2020

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Қатысуға тиісті 9  
Қатысқаны 8  
Қатыспағаны 1

**Күн тәртібінде:**

Мектептің арнайы шотындағы бар қаражатты жөндеу жұмысына пайдалану туралы

Тыңдалынды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Ж.Жонысова сөз алды: Бұлтырғы оқу жылында өздеріңіз білетіндей мектептің сыртқы қабатына жөндеу жұмыстары жөндеу үшінші қабаттың терезелері ауыстырылған болатын. Енді биыл мектептің үшінші қабатына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туып отыр. Осы орайда мектеп баланысында бар құрылыс заттарын пайдалана отырып жұмыстану көзделіп отыр. Үшінші қабатқа жүргізілетін жөндеу жұмысының шаршы метрі- 576м. Жұмысы үшінші қабатты қырып және бірнеше слакпен тегістеп сылау, ағарту жұмыстарын жүргізетін мамандар қажет. Бұл орайда осы жұмыстың маманы Афанасьева Валентина Юльевна бір шаршы метрге құны 800тг болатынын айтып отыр. Жұмыстың құнын мамандарға беру үшін қаражатты табу керектігі басты мәселе болып отыр.




Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сағынтаева К.С алды: Расымен де мектептің сыртқы бейнесі адам қызығарлықтай әдемі болып өзгерді. Неге мектептің де іші сондай болмасқа деген ой маған да келіп отыр. Үшінші қабатқа жүргізілетін жөндеу жұмысының төлем ақысын, мектептің ақылы қосымша пәндерден түскен төлемақыдан, яғни мектептің арнайы шотына түскен төлем ақыны қолдануға өз ұсынысымды білдіремін.

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңесінің мүшесі Балышов Ұбынғабас Бақытович алды: Менде мектептің ішіне жөндеу жұмыстарын жүргізілуін қолдаймын. Балаларымыз білімге құмар заманда, білім алатын алтын ұялары соған лайықты болып жабдықталса, олардың да көңіл-күйлері көтеріңкі болар елі деп ойлаймын. Галия Сағынтайқызының ұсынысын қолдаймын. Осы мектепте менің ұл балам оқып бітірді. Олардың кезінде мектептің ішінде көп жөндеу жұмыстары жүргізілмеген болатын. Кәзір мүмкіндіктің барында оқушыларға қуаныш сыйлайық дегім келеді.

Төмендегідей шешім қабылданды


1. Мектептің үшінші қабатына жөндеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Жөндеу жұмысына мектептің арнайы шотындағы бар қаражат пайдаланылсын.
3. Қаражаттың мамандардың жеке шотына түсуін мектептің бас есепшісі Төлеген Шынтас Ерболатұлы қадағаласын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  
Қамқоршылық кеңес мүшесі  
Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

 Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна  
 Сағынтаева Калия Сағынтаевна  
 Құлайберген Орал Болатович



Курамысов Адиль Сагидуллаевич



Мурсалова Акмарал Амангалиевна



Балышов Ұбынғаббас Бақытович



Бегимбетова Меруерт Жалгыскановна